

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 қаңтардағы N 18 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 10 шілде N 955

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кең ауқымды ядролық сынаққа қарсы Альянстың III Конгресін өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 қаңтардағы N 18 P990018\_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтағы "1999 жылғы ақпанның 24-26 аралығында" деген сөздер "1999 жылғы қазанның 19-21 аралығында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан

Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ядролық физика институты өткізетін Кең ауқымды ядролық сынаққа қарсы Альянстың III Конгресіне дайындыққа және оны өткізуге байланысты іс-шараларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне 7 (жеті) миллион 500 (бес жүз) мың теңге бөлінсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Орынбекова Д.  
Кобдалиева Н.